

1. НЕГІЗГІ ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУЛЕР

- Бұл құрылғыны қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға (балаларды қоса) немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілмейінше және олар бақыланбайынша пайдалануға болмайды.
- Құрылғымен ойнамауын қамтамасыз ету үшін балаларды қадағалау қажет.
- Тазалауды және пайдаланушы орындайтын техникалық күтімді балаларға бақылаусыз орындатпау керек.
- Құрылғыны ешқашан суға батыру арқылы тазаламаңыз.
- Бұл тек үйде пайдалануға арналған құрылғы. Дүкендердегі, офистердегі және басқа жұмыс орталарындағы қызметкерлер тамақтанатын орындарда; фермаларда; қонақүйлердегі, мотельдердегі және басқа қонақ күту орталарындағы клиенттерге; төсек және таңғы ас беретін орталарда.
- Егер ашалы қосқыш немесе сым зақымданса, барлық қауіп-қатерлердің алдын алу үшін оны тек тұтынушыларды қолдау қызметтері ауыстыруы керек.

ТЕК ЕУРОПАЛЫҚ НАРЫҚҚА АРНАЛҒАН:

- Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балаларға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және бақыланғанда ғана пайдалануға болады. Балалар 8 жастан аспаған болса және үнемі бақылауда болмаса, олар тазалауды және пайдаланушы орындайтын техникалық күтімді орындамаулары керек. Құрылғыны және қуат сымын сегіз жастан аспаған балалардан аулақ ұстаңыз.
- Бұл құрылғыны қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану

туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады.

- Балалардың құрылғымен ойнамауы керек.
- Құрылғы қараусыз қалатын кезде және оны құрастыру, оның бөлшектерін шешу немесе тазалау алдында оны әрқашан розеткадан ажыратып жүріңіз.



Осы таңбамен белгіленген беттер пайдалану барысында ыстық болады (бұл таңба тек кейбір үлгілерде ғана бар).

2. ҚАУІПСІЗДІК ЕСКЕРТУЛЕРІ



Қауіпті! Мұндай ескертуді елемей электр тогына түсу салдарынан өмірге қауіп төндіретін жарақатқа себеп болуы мүмкін.

Бұл – электрлік құрылғы, сондықтан ол электр тогына түсуге себеп болуы мүмкін.

Сондықтан, осы қауіпсіздік туралы ескертулерді ұстануыңыз керек:

- Құрылғыны ылғал қолдарыңызбен немесе аяқтарыңызбен түртпеңіз.
- Сымды ешқашан ылғал қолмен ұстамаңыз.
- Розетканың құрылғыны қажет кезде ажыратуға болатындай оңай қол жеткізетін жерде орналасқанына көз жеткізіңіз.
- Тек ашалы қосқыштан ұстап ажыратыңыз. Ешқашан сымнан ұстап тартпаңыз, себебі оны зақымдауыңыз мүмкін.
- Құрылғыны толық ажырату үшін, оны розеткадан ажыратуыңыз керек.
- Егер құрылғы ақаулы болса, оны жөндеуге тырыспаңыз.

Оны өшіру үшін розеткадан ажыратыңыз және тұтынушыны қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.

- Құрылғыны тазаламас бұрын, оны әрқашан розеткадан суырыңыз да, суытып қойыңыз.



Маңызды: Мұндай ескертуді елемей жарақаттануға немесе құрылғыны зақымдауға себеп болуы мүмкін.

Барлық орам (пластик қалталар, полистирен көбігі) материалдарын балалардан аулақ ұстаңыз.



Күйіп қалу қаупі бар! Мұндай ескертуді елемей күйіп қалуға әкеп соқтырады.

Бұл құрылғы ыстық су шығарады және пайдалану барысында ол бу қалыптасуы мүмкін.

Су шашырандыларынан немесе ыстық будан абай болыңыз.

2.1 Пайдалану мақсаты және шектеулер

Бұл құрылғы кофе немесе ыстық су дайындауға және бу шығару арқылы сүтті қыздыруға арналған.

Ыдысқа тек пайдалану нұсқаулығында көрсетілгендей ауыз суды ғана құю керек.

Ыстықсу / бу шүмегін (A12) сүттен басқа нәрсеге пайдаланбаңыз.

Кез келген басқа қолданыс дұрыс емес және қауіпті болып есептеледі. Өнім жасаушысы құрылғыны дұрыс пайдаланбаудан туындайтын зақым үшін жауапты емес.

2.2 Пайдалану нұсқаулығы

Құрылғыны пайдаланбас бұрын осы пайдалану нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз. Мұндай пайдалану нұсқауларын елемей күйіп қалуға немесе құрылғыны зақымдауға себеп болуы мүмкін.

Өнім жасаушысы осы нұсқауды елемейден туындайтын зақым үшін жауапты болмайды.



Ескеріңіз:

Осы пайдалану нұсқаулығын сақтап қойыңыз.

Егер құрылғы басқа адамдарға берілсе,

оларды осы пайдалану нұсқаулығымен бірге беру керек.

2.3 Құрылғыны тексеру

Орамды ашқан соң, құрылғы бөлшектерінің түгелдігін, зақымданбаған және барлық керек-жарақтардың болуын тексеріңіз. Егер құрылғының зақымданғаны көрініп тұрса, оны пайдаланбаңыз. De'Longhi тұтынушыларды қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.

3. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ҚОҚЫСҚА ТАСТАУ



Құралды үй қоқысымен бірге тастамау керек, оны өкілетті оқыстарды сұрыптау және қайта өңдеу орталығына апару керек.

4. ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР

Желі кернеуі: 220-240 В~50/60 Гц
Тұтынылатын қуат: 1350 Вт
Қысым: 15 бар
Су ыдысының сыйымдылығы: 1 л
Өлшем: ҰхБхД 149х305х330 (414) мм
Салмағы: 4,04 кг



Бұл құрылғы тағамдармен байланысқа түсетін материалдарға қатысты EО 1935/2004 ережесінің баптарына сай.



Бөліктерді немесе керек-жарақтарды ыдыс жуғыш машинада жууға болады.

5. СИПАТТАМА (3-бет)

Төмендегі терминология төмендегі беттерде қайталанып пайдаланылатын болады.

5.1 Құрылғының сипаттамасы

- A1. Су ыдысының қақпағы
- A2. Ыдысын шығару тұтқасы
- A3. Су ыдысы
- A4. Кесе жылытқыш
- A5. Қайнатқыш бөліктің шығыс түтігі
- A6. ON/OFF (ҚОСУ/ӨШІРУ) қосқышы
- A7. Кесе науасы
- A8. Тамшы науасы толуының көрсеткіші
- A9. Тамшы науасы
- A10. Кружкалар немесе стақандар науасы
- A11. Бу тетігі
- A12. Ыстық су/бу шүмегі
- A13. Ыстық су/бу түтігінің қондырмасы
- A14. Каппучино жасағыштың таңдау сақинасы
- A15. Ыстық су/бу жалғау түтігі

5.2 Басқару тақтасының сипаттамасы

- B1. Бір кесе түймесі
- B2. Шамды қосатын ON (Қосу) түймесі (ақ)
- B3. Екі кесе түймесі
- B4. Шамды қосатын ON (Қосу) түймесі (ақ)
- B5. Бу шығару түймесі
- B6. Шамды қосатын ON (Қосу) түймесі (ақ)
- B7. Қақ тазалау шамы (қызғылт-сары)

5.3 Керек-жарақтар сипаттамасы

- C1. Сүзгіні ұстатқыш
- C2. 1 кесе сүзгісі (сүзгі астындағы  белгісі)
- C3. 2 кесе сүзгісі (сүзгі астындағы  белгісі)
- C4. Жастықша сүзгі (сүзгі астындағы  белгісі)
- C5. Өлшеу құралы/сыққыш
- C6. Су жұмсартқыш сүзгі (*бірге берілмейді, өкілетті тұтынушыларға қызмет көрсету орындарынан сатып алуға болады)

6. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ОРНАТУ



Маңызды!

Құрылғыны орнатқан кезде, мына қауіпсіздік туралы ескертулерге назар аударуыңыз керек:

- Кофе жасағышқа кірген су оны зақымдауы мүмкін.
Құрылғыны шүмектерге немесе раковиналарға жақын қоймаңыз.
- Құрылғыдағы су қатып қалса, ол зақымдануы мүмкін.
Бұл құрылғыны температурасы нөлден төмен түсуі мүмкін бөлмеге орнатпаңыз.
- Сымды қыры өткір немесе беті ыстық заттарға тимейтіндей етіп жүргізіңіз (мысалы, электрлік ыстық плиталар).
- Бұл құрылғы қызады. Құрылғыны пайдаланылатын жерге орналастырған соң, құрылғының беттері мен бүйірдегі және арттағы қабырға арасына 3 см, ал құрылғының үстіне 15 см бос орын қалдырыңыз.
- Барлық алынбалы бөліктерді кран астында жуыңыз.

6.1 Құрылғыны жалғау



Қауіпті!

Розетка қуаты кернеуінің құрылғы астындағы мәліметтер тақтасында көрсетілген кернеуге сәйкестігін тексеріңіз.

Құрылғыны тек жерге тиімді жолмен тұйықталған және ток қуаты кемінде 10 А болатын розеткаға қосыңыз. Егер розетка қуаты құрылғыдағы қуатқа сай болмаса, тиісті розетка түрін білікті маманға ауыстыртыңыз.

7. СУ ЫДЫСЫН ТОЛТЫРУ



Ескеріңіз:

Алғаш рет пайдаланбас бұрын, барлық керек-жарақтарды және су ыдысын ыстық сумен жуыңыз.

1. Ыдысты жоғары тарту арқылы (1-сурет) шығарып алыңыз.
2. Қақпақты ашыңыз және ыдысты таза сумен МАХ белгісінен асырмай толтырыңыз (2-сурет). Ыдысты құрылғыдағы орнына салып жатқан кезде ыдыстың түбінде орналасқан клапандарды ашу үшін оны жайлап басып салыңыз.

3. Ыдысты сумен толтырудың ең қарапайым жолы – оны шығарып алмай, құтымен тікелей су құю.



Маңызды:

Құрылғыны ыдысында су болмағанда немесе ыдыстың өзі болмағанда ешқашан пайдаланбаңыз.



Ескеріңіз:

Ыдыстың астында аз ғана су қалса, бұл – қалыпты жағдай. Сондықтан, оны таза губкамен тұрақты түрде мұқият құрғатыңыз.

8. АЛҒАШ РЕТ ПАЙДАЛАНУ

Алғашқы рет пайдаланғанда ішкі жүйені былай шайыңыз:

1. ON/OFF (Қосу/Өшіру) қосқышын (3-сурет) басу арқылы құрылғыны іске қосыңыз. Құрылғы өзін-өзі тексеру циклін бастайды, ол үш түйменің кезекпен жыпылықтауы арқылы көрсетіледі.
2. Құрылғының қыздырылғанын көрсету үшін  және  шамдары жыпылықтайды. Шамдардың жыпылықтауы тоқтаған кезде, құрылғы шаюға дайын болады.
3. Сүзгі ұстатқышты құрылғыға бекітіңіз. (9-сурет).
4. Сыйымдылығы кемінде 500 мл болатын ыдысты қайнатқыш (A5) (4-сурет) астына қойыңыз және  түймесін басыңыз. Бұл әрекетті 5 рет қайталаңыз.
5. Ыдысты босатып, ыстық су/бу шүмегінің (A12) (4-сурет) астына қойыңыз.
6. Ыстық су/бу тетігін  күйіне (5-сурет) бұрап, су ыдысын (A3) босату үшін су ағызыңыз; сосын тетікті күйіне қайта бұраңыз.

9. ПАРАМЕТРЛЕР МӘЗІРІН БАҒДАРЛАМАЛАУ

Мәзірге кіру үшін, құрылғының пайдалануға дайын екеніне көз жеткізіп,  түймесін үш түйме кезекпен жыпылықтағанша 10 секунд басып тұрыңыз:

Құрылғы қазір бағдарламалау режимінде. Кофе қайнатқышты қалағаныңызға орнатып, 15 секунд күтіп барып параметрлер мәзірінен шығыңыз.



Ескеріңіз:

Егер 15 секунд ішінде ешнәрсе таңдалмаса, құрылғы бағдарламалау режимінен автоматты түрде шығады да, қолдануға дайын болады.

9.1 Кофе температурасын орнату

Кофе жасау үшін пайдаланылатын судың температурасын өзгерту үшін, мыналарды орындаңыз:

1. Параметрлер мәзірін ашу;
2. Кофе температурасын таңдау режиміне ену үшін түймесін басыңыз. Ағымдағы орынға қатысты шамдар жанады:

low (төмен)
 medium (орташа)
 high (жоғары)

3. Шамдар кезекпен жыпылықтай бастайды;
4. Қажетті температураға қатысты түймені басыңыз:

low (төмен) medium (орташа) high (жоғары)

5. түймесі таңдау сақталғанын көрсету үшін жыпылықтайды.

Құрылғы мәзірден шығып, қолдануға дайын болады.

9.2 Су қаттылығын орнату

Кофе қайнатқыштың қағын тазалау керектігін көрсететін шам (B7) су қаттылығына байланысты белгілі бір уақыт кезеңі сайын жанып отырады.

Сонымен қатар, бұл құрылғыны әр түрлі аймақтардағы құбыр суының қаттылығына сай бағдарламалау арқылы қақ тазалауды сирегірек немесе жиірек тазалау қажет болатындай етіп орнатуға болады.

Мына әрекетті орындаңыз:

1. Параметрлер мәзірін ашу;
2. Су қаттылығын таңдау режиміне ену үшін түймесін басыңыз. Ағымдағы орынға қатысты шамдар жанады:

soft (жұмсақ)
 medium (орташа)
 hard (қатты)

3. Шамдар кезекпен жыпылықтай бастайды;
4. Аймағыңыздағы су қаттылығына сай түймені басыңыз:

жұмсақ су	орташа су	қатты су
<10°dH	10°dH - 20°dH	>20°dH
<18°fH	18°fH - 36°fH	>36°fH
<180 мг/л CaCO ₃	180-360 мг/л CaCO ₃	>360 мг/л CaCO ₃

- түймесі таңдау сақталғанын көрсету үшін жыпылықтайды.

Құрылғы мәзірден шығып, қолдануға дайын болады.

9.3 Автоматты өшіруді (күту режимін) реттеу

Қуатты үнемдеу үшін, автоматты өшіру функциясы құрылғыны ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаған кезде өшіреді. Оны қайта іске қосу үшін басқару тақтасындағы кез келген түймені басыңыз.

1. Параметрлер мәзірін ашу;
2. Автоматты өшіру уақытын таңдау режиміне ену үшін түймесін басыңыз. Ағымдағы орынға қатысты шамдар жанады:

9 мин
 30 мин
 3 сағат

3. Шамдар кезекпен жыпылықтай бастайды;
4. Қажетті уақытқа қатысты түймені басыңыз:

9 мин 30 мин 3 сағат

5.  түймесі таңдау сақталғанын көрсету үшін жыпылықтайды.
Құрылғы мәзірден шығып, қолдануға дайын болады.

9.4 Әдепкі мәндер (қалпына келтіру)

Бұл барлық мәзір параметрлері мен бағдарламаланған мөлшерлерді әдепкі мәндерге қалпына келтіреді.

Әдепкі мәндерді қалпына келтіру үшін, мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Бу шүмегін тамшы науасының үстіне қойыңыз;
2. Параметрлер мәзірін ашу;
3. Бу тетігін  бағытына бұраңыз;
4.  түймесін басыңыз. Үш шам бастапқы параметрдің қайта орнатылғанын көрсету үшін кезекпен жыпылықтайды.
5.  және  шамдары бу тетігінің қайта жабылуы керектігін (белгісі) көрсету үшін жыпылықтайды.

Бу тетігі жабылған соң, құрылғы қайта пайдалануға дайын болады.

10. ЭСПРЕССО КОФЕСІН ЖАСАУ ЖОЛЫ

10.1 Ыстығырақ кофе алу туралы кеңестер

Эспрессо кофесі ыстығырақ болуы үшін, мыналарды орындауыңыз керек:

- Кофе жасамас бұрын кеселерге аз ғана сумен шаю арқылы оларды жылытып алу ұсынылады.
- Сүзгі ұстатқышты құрылғыға ішіне сүзгі енгізілген күйде, **кофе қоспай тұрып** бекітіңіз. Кейінірек тағы пайдаланылатын кесені пайдаланып, 1 кесе кофе түймесін басыңыз да, кесені қыздыру үшін оған ыстық су құйыңыз.
- Кофенің температурасын параметрлер мәзірінде көтеріңіз.
- Пайдаланылатын кеселерді жұмыс істеген кезде қызатын кесе жылытқышқа (A4) қойыңыз.

10.2 Тартылған кофеден эспрессо кофесін жасау жолы

1. Тартылған кофе сүзгісін (C2 немесе C3) сүзгі ұстатқышқа (6-сурет) қойыңыз. Бір

кофе жасау үшін, түбінде  белгісі бар сүзгіні пайдаланыңыз, ал екі кофе жасау үшін түбінде  белгісі бар сүзгіні пайдаланыңыз.

2. Тек бір кофе жасау үшін, тартылған кофенің бір деңгейлік мөлшерін (шамамен 7 г) сүзгіге салыңыз (7-сурет). Екі кофе дайындау үшін, тартылған кофенің екі өлшеуішке барынша толтырылған мөлшерін (шамамен 7+7 г) сүзгіге салыңыз. Тартылған кофенің шамадан асып кетпеуіне жол бермес үшін, сүзгіні қатты толтырып жібермеңіз.

Маңызды:

Дұрыс пайдалану үшін, тартылған кофемен толтырмас үшін, соңғы рет кофе жасаған кезден қалған кофе қалдықтарының жоқтығына көз жеткізіңіз.

3. Тартылған кофені бір деңгейде жайып, тығыздағышпен жайлап басыңыз (8-сурет).

Жақсы эспрессо алу үшін тартылған кофені дұрыс басу маңызды болып табылады. Егер тым қатты бассаңыз, кофе баяу құйылады және қою болады. Егер тым жай бассаңыз, кофе тез құйылады және сұйық болады.

4. Сүзгі ұстағыштың жиегіндегі артық кофені алып тастап, сүзгі ұстағышты құрылғыға бекітіңіз. Дұрыс қою үшін сүзгі ұстатқышты INSERT (Енгізу) белгісіне (9-сурет) туралап, сүзгі ұстатқышты бекітіңіз және тұтқаны оңға қарай CLOSE (Жабу) белгісімен тураланғанша бұраңыз.
5. Кесені немесе кеселерді сүзгі ұстатқыш шүмектерінің қойыңыз (10-сурет).
6. Кофе түймелеріне қатысты шамдардың жанып тұрғанына көз жеткізіп,  немесе  кофе түймесін басыңыз. Құрылғы кофе қайнатуды жалғастырады және құйылу автоматты түрде тоқтайды.
7. Сүзгі ұстағышты алып тастау үшін, сапты оңнан солға қарай бұраңыз.

Күйіп қалу қаупі бар!

Шашыраудың алдын алу үшін, сүзгі ұстағышты құрылғы кофе құйып жатқан кезде ешқашан шығармаңыз. Құйған соң әрқашан бірнеше минут күтіңіз.

10.3 Эспрессо кофесін жастықшалар

арқылы жасау жолы



Ескеріңіз:

Орамда төмендегі белгімен көрсетілген ESE стандартына сай жастықшаларды пайдаланыңыз.



ESE стандарты дегеніміз көшбасшы жастықша өндірушілері қабылдаған және эспрессо кофесін қарапайым және таза жолмен дайындауға

мүмкіндік беретін жүйе.

1. Кофе жастықшаларына арналған ESE сүзгісін (түбінде  белгісі бар) сүзгі ұстатқышқа орналастырыңыз.
 2. Жастықшаны сүзгінің ортасына туралап салыңыз (11-сурет). Жастықшаны сүзгіге дұрыс бағыттау үшін жастықша бумасындағы нұсқаларды әрқашан орындаңыз.
- Алдыңғы бөлімдегі 4-6 аралығындағы қадамдарда сипатталғандай жалғастырыңыз.



Ескеріңіз:

- Құрылғы кофе жасап жатқан кезде құюды кез келген уақытта осыған дейін басылған кофе түймесін басу арқылы тоқтатуға болады.
- Құйылу болған соң (3 секунд ішінде) кеседегі кофе мөлшерін көбейту үшін, осыған дейін басылған кофе түймесін басып тұрыңыз. Құйылу бірнеше секундтан кейін тоқтатылады.
- Сүзгі ұстағышты алып тастау үшін, сапты оңнан солға қарай бұраңыз.



Күйіп қалу қаупі бар!

Шашыраудың алдын алу үшін, сүзгі ұстағышты құрылғы кофе құйып жатқан кезде ешқашан шығармаңыз. Құйған соң әрқашан бірнеше минут күтіңіз.

10.4 Кеседегі кофе мөлшерлерін бағдарламалау

Құрылғы әдепкі параметр бойынша қалыпты мөлшерлерді құю режиміне автоматты түрде

орнатылады. Осы мөлшерлерді өзгерту үшін, мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Бір не екі кесені сүзгі ұстатқыш шүмектерінің астына қойыңыз.
2. Бағдарламалағыңыз келген түймені ( немесе ) басып тұрыңыз. Кофе қайнатқыш кофе құя бастайды және басқа кофе түймесі құрылғының бағдарламалау режимінде екенін көрсету үшін жыпылықтайды.
3. Кесеге қалаған кофе мөлшері құйылған соң, түймені босатыңыз. Құйылу тоқтатылып, шам мөлшердің дұрыс сақталғанын көрсету үшін жыпылықтайды.
4. Екі кофе шамы тұрақты жанған кезде, құрылғы пайдалануға дайын болады.

11. КАППУЧИНО ЖАСАУ ЖОЛЫ

1. Эспрессо кофесін алдыңғы бөлімдерде сипатталғандай етіп жеткілікті үлкен кеселерді пайдалану арқылы дайындаңыз. Ұзын стақандарды пайдалану үшін, тамшы науасын алыңыз да, стақандар науасын (A10) салыңыз;
2.  түймесін басыңыз (12-сурет). Шам жыпылықтайды;
3. Сол кезде ыдысты дайындалатын әрбір капучино үшін шамамен 100 грамм сүтпен толтырыңыз. Қоюлау көпіршікке қол жеткізу үшін тоңазытқыш температурасында (шамамен 5°C) сақталған шайқалған немесе жартылай шайқалған сүтті пайдалану керек. Ыдысты таңдаған кезде сүттің көлемі екі немесе үш есе көбейетінін ескеріңіз (13-сурет).
4. Капучино құрылғысын таңдау сақинасының (A14) "CAPPUCCINO" бағытында (14-сурет) тұрғанына көз жеткізіңіз;
5.  түймесіне қатысты шам қайнатқыш бу шығару үшін жеткілікті оңтайлы температураға дейін қызғанын көрсету үшін тұрақты жанғанша күтіңіз.
6. Бос ыдысты капучино қайнатқыш шүмегінің астына қойып, жүйеде қалған кез келген ауаны шығару үшін тетікті бірнеше секундқа ашыңыз. Тетікті қайта жабыңыз.

7. Сүт құйылған ыдысты каппучино жасағыштың астына қойыңыз.
8. Каппучино жасағышты сүт ыдысына батырыңыз. Қара сақинаны ешқашан батырмаңыз (15-сурет). Тетікті  бағытына қарай бұраңыз. Каппучино жасағыштан бу шығып, кофеге кілегейлі көбік түрін береді (16-сурет). Қою көпіршік алу үшін, каппучино жасағышты сүтке батырып, ыдысты жоғарыға қарай жайлап айналдырыңыз.
9. Қажетті температура (ең оңтайлысы – 60°C) және көпіршік қоюлығы алынған кезде, бу тетігін сағат тілімен бұрау арқылы бу шығаруды тоқтатыңыз.
10. Көпіршігін сүтті бұған дейін дайындалған кофе құйылған кеселерге құйыңыз. Каппучино дайын. Дәмді тәттілендіріңіз және қажет болса көпіршітілген сүтке шамалы какао ұнтағын себіңіз.

Ескеріңіз:

- бірден астам каппучино дайындау үшін, алдымен барлық кофелерді жасап алып, соңында көпіршітілген сүтті барлық каппучинолар үшін дайындаңыз;
- бу функциясынан шығу үшін кез келген түймені басыңыз.  және  шамдары температураның өте жоғары және ол кофе жасауға жарамайтынын көрсету үшін жыпылықтайды ("Қайнатқышты салқындату" бөлімін көріңіз).

Буды 60 секундтан артық құйып тұрмаңыз.

12. ЫСТЫҚ СҮТ ЖАСАУ

Ыстық сүтті көпіршіксіз жасау үшін, жоғарыдағы бөлімде сипатталғандай әдіспен жалғастырыңыз, каппучино жасағыштағы таңдау сақинасының (A14) жоғарыдағы "HOT MILK" (Ыстық сүт) бағытына орнатылғанына көз жеткізіңіз.

13. КАППУЧИНО ЖАСАҒЫШТЫ ПАЙДАЛАНЫП БОЛҒАН СОҢ ТАЗАЛАУ



Маңызды:

Гигиеналық себептерге байланысты, каппучино жасағышты пайдаланып болған соң әрқашан тазалап отыру керек.

Мына әрекетті орындаңыз:

1. Аз ғана буды бірнеше секунд шығару үшін бу тетігін бұраңыз (алдыңғы бөлімнің 2, 5 және 6-қадамдары). Бұл каппучино жасағыштың іште қалған сүт қалдығын шығаруға себеп болады. ON/OFF (ҚОСУ/ӨШІРУ) түймесін құрылғыны өшіру үшін басыңыз.
2. Каппучино жасағыш суығанша бірнеше минут күтіңіз. Бір қолыңызбен каппучино жасағыш түтігін мықтап ұстап тұрып, екінші қолыңызбен каппучино жасағышты сағат тілі бағытымен бұрап, төмен қарай тартып алыңыз (17-сурет).
3. Резеңкеден жасалған бу түтігінің қондырмасын төмен тарту арқылы шүмектен шығарыңыз (18-сурет).
4. Сақинаны жоғарыға тартып, 19-суреттегі көрсеткілермен көрсетілген екі тесіктің бітелмегенін тексеріңіз. Қажет болса, инемен тазартыңыз;
5. Қондырманы орнына салыңыз, сақинаны төмен қарай жылжытыңыз және каппучино жасағышты бұрау және орнына түскенше жоғары итеру арқылы жалғау қондырмасына қайта салыңыз.

14. ҚАЙНАТҚЫШТЫ САЛҚЫНДАТУ

Кофені сүт көпіршіткен соң дереу қайтадан жасау үшін алдымен қайнатқышты салқындату керек, әйтпесе кофе күйіп кетеді. Мына әрекетті орындаңыз:

- ыдысты каппучино жасағыш шүмегінің астына қойыңыз;
- ыстық су ағызу үшін бу тетігін ашып, қайнатқышты салқындатыңыз;
- қайнатқыш тым салқын болған кезде ыстық су құю автоматты түрде тоқтатылады. Сорғы жұмыс істеуін тоқтатқанда және су ақпай қалғанда бу тетігін жабыңыз.

Кофе жасағыш енді пайдалануға дайын.

15. ЫСТЫҚ СУ

1. Құрылғыны іске қосу үшін, ON/OFF (ҚОСУ/ӨШІРУ) түймесін (3-сурет) басыңыз. Кофе шамдары тұрақты жанғанша күтіңіз.
2. Каппучино жасағыштың астына ыдыс қойыңыз.
3. Тетікті  бағытына қарай бұраңыз. Каппучино жасағыштан ыстық су ағады.
4. Ыстық су ағынын тоқтату үшін, тетікті жауып, кез келген түймені басыңыз.

Ыстық суды 60 секундтан артық құйып тұрмаңыз.

16. ТАЗАЛАУ

16.1 Құрылғыны тазалау

Құрылғының мына бөліктерін тұрақты түрде тазалап отыру керек:

- тамшы науасы (A9)
- кофе сүзгілері (C2, C3 және C4);
- қайнатқыш шүмегі (A5);
- су ыдысы (A3);
- каппучино жасағыш (A15) ("13. Каппучино жасағышты пайдаланған соң тазалау" бөлімінде сипатталғандай);



Маңызды!

- Кофе құрылғысын тазалау үшін еріткіштерді, қырғыш заттарды немесе спиртті пайдаланбаңыз.
- Қоқымдарды және кофе қалдықтарын кетіру үшін металдан жасалған заттарды пайдаланбаңыз, себебі олар құрылғының металл немесе пластмасса бөліктерін сырып тастауы мүмкін.
- Құрылғы бір аптадан артық қолданылмайтын болса, оны қайтадан қолданбас бұрын, оны "8. Алғашқы рет пайдалану" бөлімінде сипатталғандай етіп шайған жөн.



Қауіпті!

- Тазалау барысында, кофе жасағышты ешқашан суға батырмаңыз. Бұл – электрлік құрылғы.
- Құрылғының сыртын тазаламас бұрын, оны өшіріп, розеткадан суырыңыз да, суытып қойыңыз.

16.2 Тамшы науасын тазалау



Маңызды!

Тамшы науасы ондағы су деңгейін көрсететін деңгей көрсеткішімен (қызыл) белгіленген (20-сурет). Осы көрсеткіш кесе науасынан шығып тұрғанға дейін тамшы науасы босатылуы және тазалануы керек, әйтпесе су жиектен тасып, құрылғыны, ол орналасқан бетті немесе қоршаған аймақты зақымдауы мүмкін.

1. Тамшы науасын (21-сурет) босатыңыз.
2. Кеселер науасын (A7) шығарып, судан босатыңыз және тамшы науасын шүберекпен сүртіп, орнына қайта салыңыз. Кружкалар және стақандар науасын (A10) шығарып, сумен тазалаңыз да, құрылғыға қайта салыңыз;
3. Тамшы науасын орнына салыңыз.

16.3 Кофе сүзгілерін тазалау

Кофе сүзгілерін тұрақты түрде тазалаңыз:

1. Сүзгілерді ағын су (22-сурет) астында шайыңыз;
2. Тесіктердің бітелмегеніне көз жеткізіңіз. Қажет болса, инемен тазартыңыз (22 және 23-суреттер).

16.4 Қайнатқыш бөлік шүмегін тазалау

Әрбір 200 кофеден кейін қайнатқышты шайып отырыңыз, ол үшін қайнатқыш шүмегінен шамамен 0,5 л су ағызыңыз (кофе түймесін тартылған кофе жоқ кезде басыңыз).

16.5 Басқа тазалау операциялары

1. Кофе жасағышты тазалау үшін еріткіштер мен ысқыш сұйықтықтарды пайдаланбаңыз. Тек жұмсақ дымқыл шүберекті пайдаланыңыз.
2. Сүзгі ұстатқышты тазалаңыз.

16.6 Су ыдысын тазалау

1. Су ыдысын тұрақты түрде (шамамен айына бір рет және су жұмсартқыш сүзгіні (C6, *егер бар болса) орнына салған сайын) дымқыл шүберекпен және шамалы жұмсақ ыдыс жуғыш сұйық затпен тазалап отырыңыз;
2. Сүзгіні алыңыз (*егер бар болса) және ағынды сумен шайыңыз;

3. Сүзгіні құрылғыдағы орнына салыңыз (*егер болса), ыдысты таза сумен толтырып, орнына салыңыз;
4. (Тек су жұмсартқыш сүзгісі бар үлгілер) Шамамен 100 мл су жеткізеді.

Қауіпті!

Тазалау барысында, кофе жасағышты ешқашан суға батырмаңыз. Бұл – электрлік құрылғы.

16.7 Қақ тазалау

 түймесіндегі шамы жанған кезде құрылғы қағын тазалаңыз.

Маңызды!

- Қолданбас бұрын нұсқауларды және қақ тазартқыштағы жапсырмаларды оқып шығыңыз.
- Тек De'Longhi қақ тазалағышын ғана пайдалануыңыз керек. Басқа қақ тазалағышты пайдалану және/немесе қақ тазалауды дұрыс орындамау өнім жасаушысының кепілдігінде қаралмаған ақаулықтарға себеп болуы мүмкін.

Мына әрекетті орындаңыз:

1. (ЕГЕР БОЛСА, СУ ЖҰМСАРТҚЫШ СҮЗГІНІ АЛЫҢЫЗ). Қақ тазалағышты суға (кемінде 500 мл) еріту арқылы алынған қақ тазалау ерітіндісімен толтырыңыз.
2. ON/OFF (ҚОСУ/ӨШІРУ) түймесін басыңыз.
3. Сүзгі ұстатқыштың бекітілмегеніне көз жеткізіп, ыдысты ыстық су шүмегінің және қайнатқыш шүмегінің (A5) астына қойыңыз (24-сурет).
4.  және  шамдарының құрылғының пайдалануға дайын екенін көрсету үшін тұрақты жанғанын күтіңіз.
5.  түймесін үш түйме кезекпен жыпылықтағанша 10 секунд басып тұрыңыз.
6. Бу тетігін  бағытына бұраңыз.
7. Қақ тазалауды бастау үшін  түймесін басыңыз.
8. Қақ тазалау бағдарламасы басталады және су шүмегінен қақ тазалағыш сұйық зат шығады. Қақ тазалау бағдарламасы құрылғының ішіндегі қақты тазалау үшін

бірнеше шаю және кідіру әрекеттерін ыдыс толық босағанша орындайды.

Ескеріңіз:

Қақ тазалау кезінде қайнатқыш шүмегінен қайнатқыштан шағын қақ тазалағыш мөлшерін ағызу арқылы тазалау үшін бу тетігін әлсін-әлсін ашып-жабыңыз.

9. Құрылғы жұмысы тоқтап, қызғылт-сары  шамы қақ тазалау орындалып жатқанын көрсету үшін әрі қарай жыпылықтайды.
10. Одан кейін құрылғы таза сумен шаюға дайын болады. Су ыдысын шығарып алыңыз, босатыңыз, ағын су астында шайыңыз және таза сумен MAX деңгейіне дейін толтырып, құрылғыға салыңыз (егер пайдаланылса, су жұмсартқыш сүзгіні салыңыз).
11. Қақ тазалағыш ерітіндіні жинау үшін пайдаланылған ыдысты босатыңыз да, ыстық су шүмегінің астына қайта салыңыз.
12. Шаюды бастау үшін бу тетігін  бағытына бұрап,  түймесін басыңыз.

Ескеріңіз:

Шаю кезінде қайнатқыш шүмегінен қайнатқыштан шағын су мөлшерін ағызу арқылы тазалау үшін бу тетігін әлсін-әлсін ашып-жабыңыз.

13. Су ыдысы босаған кезде, қызғылт-сары шам сөнеді және қақ тазалау аяқталады.
14. Бу тетігінің жабық күйде (белгісі) екеніне көз жеткізіңіз.

Құрылғы пайдалануға дайын болады.

Ескеріңіз!

- Егер қақ тазалау дұрыс орындалмаса (мысалы, жарық жоқ), циклді қайталауды ұсынамыз;
- Егер су ыдысы MAX деңгейіне дейін толтырылмаса, қақ тазалаудың соңында құрылғы қақ тазалау ерітіндісінің құрылғының ішкі жүйесінен толық шығуына кепілдік ретінде тағы бір шаюды талап етеді.

Қақ тазалау жоғарыда сипатталғандай тұрақты түрде орындалмаса, кофе жасағыштың қақ жиналуынан туындаған ақаулығы кепілдік арқылы жөнделмейді.

17. ШАМДАР ТҮСІНДІРМЕСІ

Шамдар	Әрекет	Шамдар түсіндірмесі
	ON/OFF (Қосу/өшіру) түймесін қосулы	Құрылғы өзін-өзі тексеру циклін бастайды, ол шамдардың кезекпен жыпылықтауы арқылы көрсетіледі
	Құрылғының қосылған кезде	Шамдар жыпылықтаса: құрылғы кофе жасау үшін қызуда Шамдар тұрақты жанса: құрылғы кофе жасауға дайын Шамдар жылдам жыпылықтаса: ыдыс бос немесе құрылғы кофе жасамайды. "7. Су ыдысын толтыру" бөлімін қараңыз
	Бу функциясы қажет	Шамның жыпылықтауы: құрылғы бу шығару үшін қызуда Шам тұрақты жанса: құрылғы бу шығаруға дайын
 сары жыпылықтауда ҚЫЗҒЫЛТ	Құрылғыны қақтан тазалау керек	Құрылғыны қақтан тазалаңыз, тазалау аяқталғанда  шамы сөнеді.
	Бу тетігі ашық	Шамдар жыпылықтаса: бу тетігін жабыңыз
	Қайнатқыш температурасы жоғарғы	Шамдар жыпылықтаса: "14. Қайнатқышты салқындату" бөлімде сипатталғандай етіп салқындатыңыз

18. АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

Проблема	Себебі	Шешімі
Эспрессо кофесі құйылмайды	Ыдыста су жоқ	Су ыдысын толтырыңыз
	Сүзгі ұстағыштағы тесіктер бітелген	Сүзгі ұстағыш шүмегіндегі тесіктерді тазалаңыз
	Сүзгі бітеліп қалған	"16.3 Кофе сүзгілерін тазалау" бөлімінде сипатталғандай етіп тазалаңыз
	Ыдыс дұрыс салынбаған және астыңғы клапандар ашық емес	Астыңғы клапандарды ашу үшін ыдысты жайлап басыңыз
	Су айналымында қақ қалыптасқан	"16.7 Қақ тазалау" бөлімінде сипатталғандай етіп қағын тазалаңыз
Эспрессо кофесі тесіктердің орнына сүзгі ұстатқыштың жиектерінен тамшылайды	Сүзгі ұстатқыш дұрыс салынбаған немесе кірлеген	Сүзгі ұстатқышты дұрыс бекітіңіз және жеткен жеріне дейін мықтап бұраңыз
	Эспрессо қайнатқыш бөлігінің толтырмасының созылмалы қасиеті жоғалған немесе ол кірлеген	Эспрессо қайнату бөлігінің тығыздағышын тұтынушыларға қызмет көрсету орнына ауыстыртыңыз
	Сүзгі ұстағыштағы шүмектерінің тесіктері бітелген	Сүзгі ұстағыш шүмегіндегі тесіктерді тазалаңыз
	Сүзгі бітеліп қалған	"16.3 Кофе сүзгілерін тазалау" бөлімінде сипатталғандай етіп тазалаңыз
Сүзгі ұстатқыш құрылғыға бекітілмейді	Сүзгіге тым көп кофе салынған	Берілген өлшеуішті пайдаланыңыз және дайындау түріне сай сүзгі түрін пайдаланып жатқаныңызға көз жеткізіңіз
Кофе кілегейі тым ақшыл (шүмектен тым тез ағызылған)	Тартылған кофе жеткілікті тығыздалып басылмаған	Тартылған кофені қаттырақ басыңыз
	Тартылған кофе жеткіліксіз	Тартылған кофе мөлшерін көбейтіңіз
	Тартылған кофе тым ірі	Эспрессо құрылғылары үшін тек тартылған кофені пайдаланыңыз
	Тартылған кофенің дұрыс емес түрі пайдаланылып жатыр	Басқа тартылған кофе түрін пайдаланыңыз

Кофе кілегейі тым қоңыр (ол шүмектен тым жай ағады)	Тартылған кофе өте қатты тығыздалған	Кофені азырақ тығыздаңыз
	Тартылған кофе жеткіліксіз	Тартылған кофе мөлшерін азайтыңыз
	Эспрессо қайнатқыш тесігі бітелген	"16.4 Қайнатқыш шүмегін тазалау" бөлімінде сипатталғандай етіп тазалаңыз
	Сүзгі бітеліп қалған	"16.3 Кофе сүзгілерін тазалау" бөлімінде сипатталғандай етіп тазалаңыз
	Тартылған кофе тым ұсақ	Эспрессо құрылғылары үшін тек тартылған кофені пайдаланыңыз
	Тартылған кофе тым майда немесе ылғалды	Тек эспрессо кофесін жасау құрылғыларына арналған тартылған кофені пайдаланыңыз және оның тым ылғал емес екенін тексеріңіз
	Су айналымында қақ қалыптасқан	"16.7 Қақ тазалау" бөлімінде сипатталғандай етіп қағын тазалаңыз
Кофе құйылған соң сүзгі қайнатқыш шүмегіне бекітілген күйінде қалады		Сүзгі ұстатқышты енгізіңіз, кофе құйыңыз, сосын сүзгі ұстатқышты шығарып алыңыз
Құрылғы ешқандай сусын жасамайды және  ,  және  шамдары бірнеше секунд жыпылықтайды	Ыдыста су жоқ	Ыдысты сумен толтырыңыз
	Ыдыс дұрыс салынбаған және астыңғы клапандар ашық емес	Астыңғы клапандарды ашу үшін ыдысты жайлап басыңыз
	Эспрессо қайнатқыш тесігі бітелген	"16.4 Қайнатқыш шүмегін тазалау" бөлімінде сипатталғандай етіп тазалаңыз
	Сүзгі бітеліп қалған	"16.3 Кофе сүзгілерін тазалау" бөлімінде сипатталғандай етіп тазалаңыз
	Су айналымында қақ қалыптасқан	"16.7 Қақ тазалау" бөлімінде сипатталғандай етіп қағын тазалаңыз
Құрылғы жұмыс істемейді және барлық шамдар жыпылықтайды		Құрылғыны дереу розеткадан ажыратып, ресми тұтынушыларды қолдау орталығымен хабарласыңыз.

Каппучино жасау барысында сүт көпіршігі жасалмайды	Сақина "HOT MILK" (Ыстық сүт) бағытында	Сақинаны "CAPPUCCINO" бағытына итеріңіз.
	Сүт онша салқын емес	Сүтті әрқашан тоңазытқыш температурасында пайдаланыңыз
	Каппучино жасағыш кірлеген	"13. Каппучино жасағышты пайдаланып болған соң тазалау" бөлімде сипатталғандай етіп тазалаңыз
	Су айналымында қақ қалыптасқан	"16.7 Қақ тазалау" бөлімінде сипатталғандай етіп қағын тазалаңыз
Қақ тазалау соңында құрылғы тағы бір шаюды талап етеді	Шаю циклі барысында су ыдысы MAX деңгейіне дейін толтырылмаған	Шаю циклін "Шамдардың түсіндірмесі" "16.7 қақ тазалау" бөлімінің 10-қадамынан бастап қайталаңыз

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Бұйым түрі: өнімдегі таңбалауға қараңыз
 Үлгі: "
 Кернеу: "
 Жиілік: "
 Қуаты: "

Қытайда:

De'Longhi Appliances s.r.l.
 via L.Seitz, 47 - 31100 Treviso Italy
 Де'Лонги Апплайансиз с.р.л.
 Виа Л. Зейц, 47 31100 Тревизо Италия үшін жасалған.

Кедендік одақтар территориясында тұтынушыларға тасымалдау үшін жауап көршілікті және импортер:

"Делонги" ЖШҚ
 127055 Ресей, Мәскеу қ,
 Сущёвская көшесі, 27-үй, 3-ғимарат
 Тел.: +7 (495) 781-26-76

Бұл құрылғы пайдалану нұсқаулығында көрсетілгендей жолмен пайдаланылады. Өнімнің мерзімі сатып алынған күннен бастап 2 жылға созылады.

Сақтау шарттары:

Ылғалдылық ауқымы < 80% және температура ауқымы + 5°C және + 45°C аралығындағы белмелер.

Бұйым шығарылған күнін бұйым корпусында жазылған сериялық нөмір бойынша анықтау

мүмкін. (Сериялық нөмірі: ASSCC, бұл жерде A – өнім жасалған жылдың соңғы саны, SS – өнім жасалған апта, CC – басып шығару күні, 1992 жылдан бастап автоматты түрде есептеледі. Мысалы: Сер.№ 30411, өнім жасалған жыл – 2003, өнім жасалған апта – 4)

EAC